

ӘОК 165.741

ПРАГМАТИЗМ ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ МОДЕЛІ

Мырзағұл Назерке Әлмуратқызы

myrzagul.nazerke@mail.ru

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ

«Философия» мамандығының 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ә. Мамырбекова

Қоғам өте серпінді дамып келеді, бір технологиялық қалау екіншісін ауыстырады. Осы барлық үдерістер мен өзгерістерге үлгеру үшін нарықтың жаңа талаптарына және шаруашылық жүргізу жағдайларына бейімделу үшін қоғамды тұрақты инновациялық жаңарту қажет. Мемлекетіміздің экономикалық-саяси ұстанымы және шаруашылық субъектілері қазіргі уақытта дамудың инновациялық жолына қайта бағдарлау процесінде тұр. Бұл процесс әлеуметтік және саяси өмірдегі түбегейлі өзгерістерге, сондай-ақ жүйелі жаңғырту барысындағы қоғамдық санаға байланысты жүреді. Жаңғырту, өз кезегінде, бәсекеге қабілеттіліктің белгілі бір деңгейіне шығу, өмірдің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақты қарқынына қол жеткізу, адам материалының сапасының өсуі, халқымыздың ата-бабаларымыздан қалған құндылықтарын оң, заман талабына сай жаңғырып, өзгеру мақсатын көздейді.

Прагматизм (грек. *πραγμα* – іс, әрекет) – 1870 жылы пайда болған американдық философия ағымдарының бірі. "Прагматизм" терминін алғаш рет неміс ойшылы И. Кант қолданған, Ч. Пирс оны американдық философияға енгізген. Прагматизмдегі басты қағида – тұлғаның жеке бас қасиеттерін айқындап, негізгі белгісі болып табылатын нәтижелі іспен

айналысуы, мақсат етіп қойылған қызметтің нәтижеге бағытталуы болып табылады. Прагматизм терминінің ғылыми айналымға ХІХ ғасырдың 70 жылдары Чарльз Пирс енгізген. Негізгі мәні ретінде прагматикалық жағынан практикалық нәтижеге қол жеткізу. Прагматизм қандай да бір абстрактілі жүйелерді жасамайды, ол нақты жасалынған практикалық нәтижелі қызметті қарастырады. Негізгі белгілері ретінде:

- іс жүзіндегі нақты тәжірибе;
- ақиқат нәтижеге, белгіленген мақсатқа қол жеткізетін басты, қозғаушы күш;
- практикалық тәжірибе ереже құралдарынан маңыздырақ;
- білімнің маңыздылығы практикалық көрсеткіш арқылы негізделеді;

Джемс Уильям прагматизмді тәжірибеге сүйенудің ең радикалды формасы, өткенге қатынасы тұрғысынан идеяларды, қоғамдық өмір белестерін барынша аз сынаушы ілім, прагматистер тым жалпылықтан, абстракциядан, тек сөз жүзіндегі, тәжірибеде тексерілмейтін негіздеделерден, алдамшы қағидалардан, тұйық жүйелерден, жалған абсолюттерден қашатын нақтылық деп түсіндіріп өтеді. Бұл бағыт айғақтардың, әрекеттердің, өмірлік қуаттардың нақтылығы мен сәйкестігіне қарай бет бұрады. Прагматизм қандай да бір ерекше нәтижені күтпейді, бұл тек қана тәсіл деген пікірін тиянақтаған Дж. Уильям, тәжірибе мен шындықтың бір нәрсе екендігін ұсынып, ақиқат – қоғамға шынайы әсер ету күші аясында алынған білімнің тексерілуі деген қорытындыға келеді.

Әлемнің дамыған мемлекеттерінің басты белгісі ретінде прагматистік ұстанымдарды анықтай аламыз. Негізін АҚШ-та қаланған прагматизм, қазір де көптеген әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің ұстанған бағыты болып табылады. Сол себепті, мемлекетімізде қабылданып жатқан көптеген бағдарламалардың нұсқаулығы прагматизмнің, яғни іскерліктің дамуы мен өркендеуіне жағдай жасауда. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы маңызды бағыттардың бірі ретіндегі «прагматизм» бөлімі мемлекеттің дамуы мен бәсекеге қабілетті болу мақсатында маңызды орын алады. Сол ретте, біз мемлекетіміздің өркендеуі мен мәңгілік елге айналуы үшін, әрбір қазақ іскер, еңбекқор, өз ісін сүйіп, қызметінде белсенділік танытуымыз керек. Н.Ә. Назарбаевтың прагматистік ұстанымы: нақтылық, дәлдік, тиімділік, пайдалылық, нәтиже, кез келген күрделі ахуалдан тез шығудың жолы, сөзден іске көшу т.б. секілді қағидаларды қамтиды. Елбасы прагматизмінің жарқын үлгілері ретінде қазақи руханиятымыз бен бабаларымыздың өмір салтынан іздеп, оны бүгінгі болашақ ұрпақтарымыздың мінез-құлықтық негізі мен іргетасы ретінде, бүгінгі ұлттық идеология мен мәселелердің басты бағыттары ретінде қалыптастыруымыз өте маңызды деп көрсеткен.

Тәуелсіздігіміздің нығаюы, жаңа технологияларды меңгеруіміз, ұлттық болмысымызды, бірлігімізді сақтау, сананың ашықтығы мен білімге деген ұмтылыс, рухани құндылықтарымызды жаңғырту – Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында еліміздің дамуының жарқын үлгісі мен қадамдары ретінде нақты көрсетілген. Ұлттық код, мәдениет, тіл, дін мен діл, рухани құндылықтарымызды қалыпқа келтіру, сананы жаңғыртуымыз негізгі міндеттеріміздің бірі.

Мақаладағы маңызды бағыттардың қатарына «прагматизм» бөлімін жатқыза аламыз. Прагматизм – «тәжірибе», «іс», «іс-әрекет» деген мағыналарды береді. Елбасы прагматизмнің жарқын үлгілері ретінде қазақи руханиятымыз бен бабаларымыздың өмір салтынан іздеп, оны бүгінгі болашақ ұрпақтарымыздың мінез-құлықтық негізі мен іргетасы ретінде, бүгінгі ұлттық идеология мен мәселелердің басты бағыттары ретінде қалыптастыруымыз өте маңызды деп көрсеткен. Санамызды өзгертудің жолы – прагматикалық ойлау арқылы іс жасау, нәтиже шығару.

Жаңашылдық ұғымы ХІХ ғасырдың ғылыми зерттеулерінде алғаш рет пайда болды. Ұғымды Йозеф Шумпетер 1930 жылы алғаш пайдаланып, ғылыми айналымға енгізген. Жаңашылдық, Шумпетер бойынша «техникалық жаңалықтарды коммерцияландыру ғана емес, сонымен қатар оң экономикалық нәтиже бере алатын ұйымдастырушылық» болып табылады.

«Инновация» терминінің өзі (ағылшын сөзі innovation-жаңару) қоғамдық санада экономикалық серпіліспен, қоғамның әлеуметтік, саяси дамуының жаңа кезеңімен тұрақты байланысты, бұл әсіресе қазіргі мемлекетіміз үшін өзекті. Елімізде инновация ұғымын алғаш қолданған ғалым Н.Нұрахметовтің есімімен байланысты. Инновация – қоғам салаларында жаңалықты енгізу мен қолдаун болып табылады деп анықтама берген. К. Құдайбергенова: нақтыланған мақсатқа жету деп көрсетеді.

Қазіргі ғылыми ортада ұсынылған әртүрлі жіктелімдер бар. Іске асыру салалары бойынша: экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани және басқа да жаңашылдықтың көрінісін табамыз. Қоғамдық дамудың тарихи аспектісін қарастыра отырып, елдің бәсекеге қабілетті болуы мен әл-ауқатының жоғары сапада дамуына бағдарланған принципті жаңа шешімді табу болып табылады. Жаңашылдық бұл жаңа үдерісті, өнімді немесе қызметті практикада игерудің нәтижесі болып табылатын «жаңашыл ойлау, қызмет көрсету, еңбектену» ұғымдары кұрайды. Жаңалық, жаңа құбылыс ашу, өнертабыс, қажеттіліктерді қанағаттандырудың жаңа әдісі. Демек, инновация (жаңашылдық) осы жаңалықты іс жүзінде қолдануды білдіреді.

Жаңашылдық – жаңаны ендірудің күрделі, көп сатылы әлеуметтік үдерісі, қоғамдық өмірдің сан-саласының жаңа элементтерді игеруі мен интеграциялау, оның нәтижесінде әлеуметтік қатынастар мен өзара әрекеттесу жүйесінде маңызды өзгерістер жүзеге асады. Бұл үдеріс қоғамның дамуындағы оңтайлы үдерістің орын алып, жаңа әлеуметтік байланыстар мен қатынастардың, жаңа рухани және интеллектуалдық қажеттіліктердің, жаңа әлеуметтік-мәдени нормалардың, жаңа әлеуметтік институттар мен ұйымның қалыптасуына әкеледі [1].

Мемлекетіміздің дамуының жаңашылдық моделін іске асыру инновациялық іскерліктің мәнін терең түсінудің қажеттілігін алдын ала айқындайды. Сыртқы орта елдегі инновациялық іскерліктің барлық жүйесін қалыптастыру мен дамытудың стратегиялық мақсаттарын айқындау, оның институционалдық құрылымын қайта құру, ғылыми және тәжірибелік енгізу ұйымдарының олардың өнімдерін тұтынушылармен өзара іс-қимыл жасау тетіктерін өзгерту, ғылыми-техникалық дамудың нарықтық экономика талаптарына бейімдеу қажеттілігін бірінші жоспарға ұсынады.

Прагматизм ұғымын «іскерлік» ұғымымен тығыз байланыстыруға болады. Прагматизмде ең бастысы – мағыналы нәтижені іс жүзінде бағдарлау. Онымен қоса «прагматист кәсіби философтар үшін қымбат болған, бір төбе болып жиналып қалған тұрақты әдеттерінен табанды түрде біржола бас тартады. Ол абстракция мен қол жетімсіз заттардан, сөзбен ғана орындалатын шешімдерден, бейпіл дәлелдерден, қатып қалған, өзгермейтін қағидалардан, жақ ашпайтын жүйелерден де бас тартады. Ол тұрақты, қолжетімді, нақты дәлелдермен жұмыс істеп отырған билікті қолдайды» [2].

Жаһандық трансформация және жаһандық экономикадағы дағдарыстық құбылыстардың шиеленісуі жағдайында баламалы экономикалық модельдерді іздеу және дамыту мәселесі неғұрлым өзекті болып отыр. Экономикалық өсу мен мемлекеттің дамуын ынталандырудың құралы мен көзі ретінде инновациялық және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелері таңдап алынды. Бүкіл әлемде бәсекелестерді айналып өтіп, болашақта пайда табуға болатын позиция қалыптасты. Мұны тек өндірісті кеңейту арқылы ғана емес, жаңа технологиялар, жаңа ұйымдық шешімдер есебінен қолданыстағы көлемдерді дамыту арқылы да жасауға болады. Бұл теория өткен ғасырдың басында әзірленген және сипатталған, бірақ қазір ғана ерекше сұранысқа ие болды.

Соңғы жылдары мемлекет тарапынан қабылданған жүйелік шаралар нәтижесінде инновациялар Қазақстан Республикасының дамуының стратегиялық маңызды бағыты ретінде айқындалды. Еліміздің инновациялық даму мәселелері 2010 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарында, 2003-2015 жылдарға арналған Индустриалды-инновациялық даму стратегиялық жоспарында, 2005-2015 жылдарға арналған ҚР Ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі бағдарламада көрініс тапты [3, 13 б.].

Президент Нұрсұлтан Назарбаев 14 желтоқсанда «Астана операсында» сөйлеген сөзінде инновациялық ойлау деген тың ұғымды қолданды. Жолдауда «Жаңа технологиялық толқын жолына жармасып, абсолютті инновациялар жасау барлық елдің қолынан келе бермейді. Біз осыны жете түсінуге тиіспіз», дей келе Елбасы «Біз – жас ұрпақпыз және бұл біздің қолымыздан келеді», деп ойын түйеді. Елбасы инновация дегенде оны нақтылап, жас ұрпаққа абсолютті инновация қажет екенін айтып отыр. Сонда абсолютті инновация деген не? Алдымен инновация деген түсінік мәнісіне назар аударсақ, ол лат. «novatio» – «жаңару» немесе «өзгеру», лат. «in» – «бағытта», «Innovatio» – «өзгеріс бағытында» деген мағынада айтылатын сөз. Инновациялық ойлау, демек, жаңаша ойлаудың бағытын білдіретін ұғым. Мәселе тек жаңалықта ғана емес, оның бағытында. Жаңалық – қозғалыстың бағытын анықтайтын түсінік. Қандай болсын ілгерілеген, яғни алға қадам басқан қозғалыс – жаңалық. Оның үш өлшемі бар: жаңа ой (идея), жаңа іс, қарекет және жаңа нәтиже. Елбасы абсолютті инновация дегенде тез арада қабылданып, іске асатын жаңалықты айтып отыр. Жаңалықтың жылдамдығы деген айтулы проблема. Жаңалықтың жылдамдығының индикаторын белгілеу бүгінгі ақпараттық заманда басты мәселе. Қандай жаңалықты болсын қабылдап алып, заман шапшаңдығына сай іске асырып, нәтиже алу. Жаңалық жылдамдығы дегенде тағы екі істің мәнісі айқындалмақ. Әлемдегі (ілгері өркениетті елдердегі) бар жаңалықты шапшаңдықпен қабылдай білу. Жаңалықты тану, сөйтіп, оны білім, ғылым, ең бастысы, технологияға айналдыру. Егер, бұл үрдісте жылдамдық болмаса, біз үнемі ескі технология құрсауында қалмақпыз. Ол жаңалықтың бізге ескіріп жетуі деген сөз, сондықтан технологиялық, ғылым парктері осы мәселемен айналысуы заман қажеттілігі. Ескі технологиядан инновациялық ойлау шықпайды. Өткен кеңес заманында жағдай үнемі осылай болып келген, соның зардабын бүгінгі ұрпақ шегуде [4]. Прагматизм қоғамдағы тұлғаның басты сипаттарының бірі. Тұлға нақтылығымен нәтижеге жету үшін прагматтық идеяларды философияның ерекше бағыты ретінде пайдаланады.

Қорытынды

Әлемдегі дамыған мемлекеттердің тұтастай әлеуметтік, саяси және экономикалық өсуінің негізгі белгісі ретінде тұлғаның еңбек пен іскерлікке деген жоғары қатынасының болуы басты қозғаушы күш ретінде қызмет етеді. Сол себепті, біз еліміздің дамыған мемлекеттердің қатарында болуы үшін, ел экономикасын жақсарту үшін прагматизм бағытын ұстанып, іскер, мобильді болуымыз керек.

Осыған орай Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында, «Мәңгілік ел» атты ұлттық идеяны алға тартқанын жариялады. Мәңгілік ел болу үшін халықтың бәсекеге қабілетті, қоғамда жасампаз, жаңашылдыққа бейім және өнімді еңбек үстем ететін жалпыға ортақ еңбек пен іскерліктің нәтижесін беретін қоғам құру өте маңызды.

Елбасы еліміздің әлеуметтік жандануы, қазақстандықтардың әл-ауқатының жақсаруы мен кедейлердің санын азайтып, мемлекетімізде еңбек қатынастарын қалыптастырып, елді еңбекпен қамту мен жұмыссыздардың санын азайту, елдің әл-ауқатын көтеру басты мәселе екені бұл мақалада жан жақты қарастырылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Садуақасов А. Инновация – бәсекеге қабілеттілік кепілі. // Егемен Қазақстан газеті. – 2008, 13-қыркүйек.
2. Джохадзе И.Д. Неопрагматизм Ричарда Рорти. – Москва: Эдиториал УРСС, 2001. – 256 с.
3. Исабеков Б.Н., Мұхамбетова Л.Қ. Инновация және кәсіпкерлік. Оқулық. – Астана, 2017. – 680 б.
4. Ғарифолла Есім. «Қазақстан - 2050» - инновациялық ойлау жүйесі. // «Қазақстандағы парламентаризм» халықаралық ғылыми-талдау журналы. – 2013. №1(19). – 25-31 б.